Жоғарыда көрсетілген тәжірибелік сабақ түрлерінің кез-келгенінен жоғары нәтижеге қол жеткізу оқытушыға және оның оқытудың оңтайлы тәсілін дұрыс таңдауға байланысты болып келеді. Оқытудың көптеген тәсілдері бар. Оның ішінде ең көп таралғаны:

1. Жаттығулар (топтық және жеке), бұнда меңгерілетіні және сарапталатыны:

– әртүрлі тәжірибелік іс-әрекеттер (спорт түрлеріне қарай тәсілдер, техникамен жұмыс және т.б.);

– олар бойынша нақты басқарушылық және басқа да арнайы шешімдерді қабылдаудың кәсіби кіріспесі;

– кәсіби қызмет барысындағы әртүрлі жағдайларда мамандардың тәртібін көрсететін қызметтік міндеттер.

2. Өндірістік «басқарушылық» жағдайларды сараптау (Қызылов пен Серімов, 2012).

Тәжірибелік оқытудың негізгі әдістерінің сипаттамасы жөніне келсек, жаттығу – оқытудың күрделі түрі, яғни білім алушылардың еп-дағдыларын қалыптастыру және оларды үздіксіз жетілдіру мақсатында үнемі күрделеніп отыратын тәсілдерді саналы түрде бірнеше рет қайталауды қарастырады.

Жаттығудың жеке және топтық деген екі түрі бар.

Жеке жаттығулар студенттерге қажетті білім, еп-дағдыларды қалыптастыру, сонымен қатар олардың кәсіби маңызды, іскери сапасын дамыту мақсатында өткізіледі.

Егерде кімде-кім қозғалтқыш іс-әрекетін орындау барысында жетістікке қол жеткізсе, сол сәттілікке алғашқы болып оң бағасын алуы тиіс. Бұл үшін ол болған іс-әрекеттерді басқаға түсінікті болатындай етіп жеткізуі керек. Бұл жағдайда білім алушы өзінің «жетістігін» сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және онда алғаш рет іс-әрекетті «ұғыну» пайымы қалыптасады.

Топтық жаттығулар оқу тобының құрамында өткізіледі. Білім алушылар бір рөлде, бір лауазымда бола тұра, бірдей міндеттерді, тәсілдерді, оқиғаларды және іс-әрекеттерді меңгереді. Осының барысында олар қабылдаған шешімдердің сапасы айқындалады және олардың ішінен әр әрекет бойынша ең тиімді нұсқасы таңдап алынады (міндеттерді шешудің ең тиімді нұсқасы, ең оңтайлы тәсіл, ең тиімді іс-әрекет).

Мәселен, біріншіден, дене шынығу сапасын арттыру; екіншіден, бақылау нормативтерін тапсыруға дайындалу (тапсыру), турникте тартылу, арқан арқылы жоғарыға өрмелеу. Ол үшін 35-40 минут арнаулы дайындық кезеңін өткізген жөн: саптық түзелу, сәлемдесу, сабақ мақсатын түсіндіру. Қозғалыста дайындық жаттығуларын жасау, баяу немесе қарқынды жүгу (2-3 минут). Содан кейін сабақтың негізгі бөліміне көшу, ол 40 минутты қамтиды. Оған

гимнастика маталарында, кілемдерде жаттығу қимылдарын өткізу, турникте әр қилы ұстау арқылы тартылу (кемінде 5 рет). Соңында тәжірибелік сабақ қорытындыланады. Сол сияқты ұзындыққа секіру жаттығуларында назардан тыс қалдырмау керек. Оның да белгіленген нормативтері бар.

Дидактикалық мақсатқа және материал мазмұнының ерекшелігіне байланысты оқу тәжірибесінің мынадай түрлері бар: суретті иллюстративті, бағалық, проблемалық, жағдайды басқарушылық және т.б. Тәжірибелік сабаққа жағдайларды таңдау, іріктеу барысында, олар нақты, қызықты және үлгілі түрде болуы талабы қойылады.

Білім алушылардың дайындығы: тәжірибелік сабақтардың тапсырмаларын зерделеу; кеңестерді тыңдау; әдебиеттерді, нормативтік актілерді және басқа да құжаттарды зерделеу; тапсырмалар бойынша жағдаяттарды қарастыру және оларға жауаптар (шешімдер) дайындау; жазбаша, ауызша тапсырмаларды орындау.

Тәжірибелік сабақтың құрылымына тоқтамай кетуге болмайды.

Тәжірибелік сабақтың құрылымы басқа сабақтар сияқты мына бөліктерден тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

Тәжірибелік сабақтың мақсатына жету үшін оқытушы белгілі бір әрекеттер атқарады.

Кіріспеде ол:

- ұйымдастырушылық мәселелерді шешеді;
- кіріспе сөзін айтады;
- білім алушыларды белсенді жұмысқа жұмылдырады және оның тәртібін анықтайды;
- оларды жаттығу орындарымен қамтамасыз етеді және әрқайсысының жұмыс орындарын анықтайды.

Сабақтың негізгі бөлімінде оқытушы қарастыратын оқу мәселелерін меңгерту үшін:

- студенттердің белсенділігін көтермелеу және дидактикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін әдістемелік тәсілдер мен құралдарды пайдалануы;
- әртүрлі тәжірибелік тапсырмаларды тиімді шешу үшін білім алушылардың танымдық әрекеттерін сауатты басқаруы;
- сабақтарда студенттердің жұмыстарын басқару және оларға көмек көрсетуі;
- әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында студенттердің саналы ынтасын және тәуелсіздігін қолдауы қажет.

Қорытынды бөлікте оқытушы сабақты қорытындылайды, білім алушылардың әрекетін бағалайды және қажет болған жағдайда жекеленген мәселелерді қайта қарастыру үшін тапсырмалар береді; келесі сабақтың тапсырмаларын анықтап, студенттерге зерделеу және қарастыру үшін қажетті дидактикалық материалдарды береді.

Тәжірибелік сабақ өткізудің әдістемесі әртүрлі болып келуі мүмкін, ол көбінесе оқытушының жеке қабілетіне, педагогтік тәжірибесіне және сабақ өткізуге дайындық деңгейіне байланысты болып келеді. Әдістемелік әдебиеттерде көрсетілгендей, оқытушының тәжірибесі қаншалықты бай болғанмен ол әдетте әр тәжірибелік сабаққа дайындалуы қажет. Оқытушының тәжірибелік сабақ өткізуге деген дайындығы мына кезеңдерден тұрады:

- сабақ тақырыбына жаңа нормативтік материалдарды, спорт тәжірибесін және арнайы әдебиеттерді қолдана отырып, пысықтап жетілдіру;
- қойылған әр міндеттің мазмұнына қатысты тосыннан қойылған сұрақтарға дайын болу, барлық жүктелген міндеттерді шешу;
- сабақтың әр кезеңіне жұмсалатын уақыт көлемін анықтау үшін тәжірибелік сабақ өткізудің жоспарын құру: кіріспе, теориялық, практикалық мәселелерді талқылау, міндеттерді шешу, қорытынды шығару;
- оқу үдерісіне білім алушылардың барлығын қатыстыруды қамтамасыз ету, олардың білімдерін тексеру үшін аталған тақырып бойынша сұралатын студенттерді анықтау;
- келесі сабаққа білім алушылардың өзіндік жұмыстары үшін берілетін тапсырмаларды алдын-ала ойластырып, анықтау, оның негізінде келесі тақырыптың маңызды мәселелерін талқылау үшін міндеттерді іріктеу, таңдау.

Тәжірибелік сабақтың құрылымы мына элементтерді қамтиды: ұйымдастыру кезеңі (оқытушы студенттермен амандасады, жоқ студенттерді журналға белгілейді, барлық білім алушылардың сабаққа дайындығын анықтайды, сабақтың тақырыбы мен жоспарын айтады); түсінбеген материал бойынша білім алушылардың сұрақтарына жауап береді; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талқылау және міндеттерді шешу); қорытынды шығару (оқытушы барлық топтың жұмысын бағалайды, алған бағаларын айтады, білім алушылардың жұмыстарындағы нақты кемшіліктері мен жетістіктерін хабарлайды, келесі сабаққа тапсырма береді).

Тәжірибелік сабақтың негізгі бөлімінде теориялық және практикалық мәселелерді талқылауға көңіл бөлінеді, міндеттерді шешу көп уақыт алады, ал теориялық мәселелерді талқылау екі жұп сабақтарда 15-20 минут бөлу ұсынылады. Теориялық мәселелерді талқылау әртүрлі нысанда болуы мүмкін: білім алушылардың баяндамасы, теориялық мәселелердің міндеттерін шешу.

Теория мен практиканы оқытудың интеграцияланған бағдарламасы оқушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруда оң рөл атқарады (Зайцева мен Мишневс, 2019).

Оқытушы мен студент арасында қарым-қатынас стилі орнауы керек. Қарым-қатынастың авторитарлық стилінде педагог жеке өзі әр білім алушының немесе ұжымның тіршілік әрекетіне қажетті барлық сұрақтарды шешеді. Өзіндік ұстанымнан шыға отырып, ол өзара әрекеттің мақсаты мен ережесін анықтайды және субъективті түрде қызмет нәтижесін бағалайды. Қарым-қатынастың авторитарлық стилі қамқоршылық және диктат тактикасы көмегімен жүзеге асырылады. Сорт сабақтарында психологиялық аспектілер қажет-ақ.

Қарым-қатынастың жол берушілік (анархиялық, ескермеушілік) стилі педагогтың мейлінше қызметке құлшынысын сипаттайды, бұл оның нәтижелеріне жауапкершілікті түсірумен түсіндіріледі. Бұндай педагогтар тек сабақ берумен шектеліп, өзінің міндеттерін немқұрайлы орындайды. Қарым-қатынастың жол берушілік және авторитарлық стильдің жалпы ерекшелігі дистанттық қарым-қатынас, сенімнің жоқтығы, анық оғаштық, жатырқаушылық, өзінің басым жағдайын көрсету болып табылады.

Демократиялық стиль (көпшілік). Қарым-қатынастың бұл стилінің баламасы көбінесе демократиялық деп аталатын педагогикалық өзара әрекеттестікке қатысушылардың ынтымақтастық стилі болып табылады. Бұндай стильде педагог өзара әрекеттестікке білім алушының рөлін арттыруға, әр білім алушыны жалпы істі шешуге жұмылдыруға бағдарланған. Бұл стилдің негізгі ерекшелігі - өзара бағдарлық пен өзара қабылдаушылық. Бұл стилді ұстанатын педагогтерге білім алушылармен белсенді тиімді қарым-қатынас орнатып, олардың мүмкіндіктерін, сәттіліктері мен сәтсіздіктерін тепе-тең бағалаған жөн. Оларға білім алушылардың алдына қойған мақсаты мен оның мінез-құлқының себеп-салдарын терең түсіну және оның тұлғасының дамуын болжамдай білу тән. Қарым-қатынастың демократиялы стиліндегі педагогтер өз қызметінің сыртқы көрсеткіштері бойынша олар өздерінің авторитарлы әріптестеріне жол береді, бірақ олардың ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық климат әрқашан сәтті.

Ынтымақтастық - бұл біздің уақытымыздағы белгі. Ынтымақтастық педагогикасы оқу үдерісіне қатысушылардың арасында ізгі және сенімді жаңа деңгей қояды. Оқу ынтымақтастығының әдістемесі біріккен жұмысқа негізделеді және оны жиі корпоративті оқыту деп атайды.

Тәжірибелік сабақтардың танымдық қызметі күрделі ұғымдарды жеке және ұжымдық оқыту жолымен және игерген білімдерін интеллектуалды іскерлік негізінде қайта құру жолымен жүзеге асырылады.

Тәжірибеліктің дамыту қызметі білім алушылардың ой-өрісін кеңейту, білім және іскерлік аясында олардың интеллектуалдың әлеуетін толықтырудан тұрады.

Тәжірибеліктің тәрбиелеу аспектісі тұлғаның интеллектуалды тұрғыда қалыптасуына, білім алушының жалпы білім беру деңгейі негізінде олардың кәсіби маңызды сапасын өндіруге бағытталған.

Жалпы, *тәжірибелік сабақ* – берілген тапсырма бойынша білім алушылардың дене тәрбиесін шыңдауда өз бетінше жұмыс жасаудағы немесе өмірден алынған тәжірибелерді, қолданыс материалдарын жинақтау барысында құрылатын сабақ күрделі түрі екені анық.

Әдетте, тәжірибелік сабақ білім алушылардың бір ғана оқу тобында өтіледі.

Тәжірибелік сабақты өткізгенде оқытушы мен студенттерге сөз бен ой анық болуы үшін алдын ала глоссарий жасалғаны дұрыс. Глоссарий – (латын тілінде «*glossarium*» – «жинақ» деген мағынада) кез-келген білім саласында түсінік беретін, кейде басқа тілге аударма жасалатын, түсінік беретін, үлгі көрсететін, мамандандырылған терминдер (біздің жағдайда спорт аталымдары) сөздігі. Глосс жиналысы және глоссарий сөздіктің негізін салушы болып табылады. Брокгаузер және Ефронның энциклопедиялық сөздігінің түсіндірмесі бойынша «глоссарий» – әсіресе грек және латын авторларының шығармаларындағы аз танымал сөздерге түсінік береді. Глоссарий — сонымен қатар жиі қолданылатын сөздердің тізімі болып табылады.

Тәжірибелік сабақ өткізудің ұтымдымды тағы түрі — Презентация (таныстырылым). «Презентация» сөзі ағылшын тілінің «*to present*» - «бір нәрсені ұсыну» деген мағынада қолданылады. Презентация (таныстырылым) – спорт залына ақпарат жеткізу немесе оған презентацияны ұйымдастыруға қажетті нақты іс-әрекеттерді атқаруға бағытталған, кейде визуалды бейнеде сөз сөйлеу болып табылады. Оңтайлы, тиімді презентация әдетте алдын ала жоспарланған, жақсы ұйымдастырылған және нақты бір командаға (топқа) арналған болуы қажет.

Қазіргі жоғары оқу орнының физикалық тәрбие жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы практикалық жаттығулардың тиімділігі артады (Kerimbayev, Abdykarimova & Sharmuhanbet, 2015).

Үлгі – бұл ең жарқын, ең жақсы, үздік нұсқа, бір нәрсені дәлелдеу немесе түсіндіру үшін өткізілетін құбылыс (ереже үлгілері).

Сілтеме – бұл сайттың бір бетінде басқа адреске жіберу немесе кез-келген басқа қор арқылы өтетін кескін және мәтін.

Слайд – бұл презентацияда (таныстырылымда) шығып сөйлейтін, мысалмен дәйектелген суретті материал.

Іскери ойын – кәсіби қызметтің әр түрлі жағдайында оны орындаудың жаңа тәсілдерін іздеу әдісін жобалау құрылғысы. Іскери ойын адамдар белсенділігінің және әлеуметтік бірлесіп (команда болып) әрекет жасаудың әр түрлі аспектілерін ежіктейді. Сонымен қатар ойын тиімді, оңтайлы оқытудың бірден-бір тәсілі болып табылады және оқу пәнінің абстракталы сипаты мен кәсіби қызметтің нақты сипаты арасындағы қарама-қайшылықты шешеді. Қойылған мақсат пен өткізу әдістемесімен ерекшеленетін іскери ойынның көптеген атауы мен түрлері бар: дидактикалық және басқару ойындары, рөлдік ойындар, мәселелі-бағытталған, ұйымдастырылған-қызметтік ойындар және т.б.

Ауызша сұраудан да қашпауымыз керек, білімді тексеру және бағалау барысында кең таралған үрдіс болып табылады. Бақылаудың бұл әдісінің мәні – оқытушы студенттерге өтілген материалдар бойынша сұрақтар қойып, берген жауабын бағалайды және оны игеру деңгейін айқындайды. Кейде ауызша сұрауды «әңгімелесу» деп те атайды. Оқытушы бір білім алушыға барлық тақырыпты тұтастай баяндап беруге ұсыныс жасай алады. Берілген біртұтас жауап оның берген ойының толықтығын және білімінің тереңдігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірақ, алдағы уақытта оқытушы әр сабақта қолданатын студенттердің білімін бақылау әдісінің ауызша сұрау түрінің өз кемшіліктері де бар, яғни көп уақытты талап етеді және сабақ барысында 3-4 білім алушының ғана білімін тексеруге мүмкіндік береді.

Оқытушы студенттерге баяндама қандай талаптарға жауап беретінін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын тұжырымдағаннан кейін жұмыс барысында қолданған авторларды атау қажет, баяндама жоспарын айтып, түпнұсқаға сүйене отырып, авторлардың сөздерінен үзінділер келтіріп, белгіленген сұрақтарды қысқаша қарастыру және мүмкіншілікке байланысты өзінің ұстанымын айту.

Каптерев (2003) те мұғалімнің кәсіби әрекетіне назар аударып: «Практическое обучение укрепляет знания, делает их живыми и деятельными» деп жазған.

Тәжірибелік нақты ситуацияларды талдау сабағын да назарда ұстаған жөн. Нақты ситуацияларды талдау – білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруды ұйымдастыру болып табылады. Ол мақсатына қарай жеке сабақ түрінде немесе оны ұйымдастырудың әр бөлігінде, оқып үйренуде белсенділікті арттыру ретінде де қолданылады.

Өзіндік тәжірибелік сабақ түрі ретінде нақты ситуацияларды талдау – берілген уақыт аясында тәжірибелік қызметте туындап жататын бір қатар мәселелерді шешу жолдарын катастыру барысындағы білім алушылардың оқу-танымдық белсенділікті арттырудың амалы.

Нақты ситуацияларды талдауды оқытушының (немесе бірнеше оқытушының) жетекшілігімен білім алушылардың қазіргі қалыптасқан жүйе болуы мүмкін және үлгілі жүйенің арасындағы айырмашылықтарды жоюға бағытталған әрекеттері мен іс-шараларының жиынтығы деп түсінген дұрыс.

Оқу барысында нақты ситуацияларды талдаудың көздейтін мақсаттары:

- білім алушылардың ситуацияның мазмұнында бар мәселелерді, сұрақтарды, міндеттерді анықтап шешу үшін қажетті талдай білу мүмкіндіктерін жетілдіру,
- әртүрлі ситуацияларды талдай алу дағдысын дарыту,
- студенттерді нақты тәжірибедегі ситуацияларда шешім қабылдау үдерісімен таныстыру,
- теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдану дағдыларын дарыту.

Қорытынды

Бұдан шығаратын тұжырымымыз, жоғары оқу орындарында бұл пән тек қана дене белсенділігін арттыру үшін ғана емес, болашақ мамандардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуіне де ықпал етеді. Қазіргі таңда білім берудің жаңа талаптарына сай, дене тәрбиесі де жаңашыл әдістермен жүргізу аса тиімді болмақ.

Тағыда қайталаймыз, ЖОО студенттері үшін дене шынықтыру сабағы салауатты өмір салтына үйретудің, аурулардың алдын алудың және тұлғалық дамудың маңызды құралы. Зерттеулер көрсеткендей, тұрақты дене белсенділігі адамның жұмысқа қабілеттілігін арттырып, оқу үлгеріміне оң әсер етеді.

Сабақтарда спорттық ойындар, жаттығулар, туризм элементтері, фитнес бағдарламалары қолданылса, құба-құп. Қарағанды қаласының кәсіби спорт түрлері бойынша секциялар ашылып, студенттер жарыстарға дайындалып, қатысып жүр. Бұл жастардың ынтасын оятып, ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Соңғы бокстан әлем чемпионатында басты тұғырға көтерілген жерлесіміз Аида Әбікеева соның жарқын айғағы.

Жалпы, спорт сабақтары да қиындықтардан ада емес. Кейбір оқу орындарында спорт залдарының жетіспеуі, құрал-жабдықтардың ескіруі, уақыт тапшылығы және студенттердің пәнге немқұрайлы қарауы дене шынықтыру сапасына кері әсер ететіні кәміл. Жоғары оқу орнындағы тәжірибелік дене шынықтыру сабағы білім алушылардың денсаулығын нығайту, стрессті азайту, белсенді өмір сүру дағдысын қалыптастыру жолындағы маңызы ееркше дей аламыз. Бұл пәнге деген көзқарасты жаңғырту, заманауи әдістер енгізу арқылы оның тиімділігін мейлінше арттыруға болады.

Пауло Фрейре атап көрсеткендей: «Білім не қоғамдағы үстемдіктің құралы ретінде қызмет етеді, не болмаса ол еркіндіктің тәжірибесіне айналады, адамдардың шынайылықты сыни әрі шығармашылық тұрғыда ұғынуына жол ашады» (Freire, 2005) Бұл ой тәжірибелік сабақтың тек білім беру құралы ғана емес, сонымен бірге еркіндік пен шығармашылық тәжірибесі екендігін дәлелдейді.

Ұсыныстар

Жасыратыны жоқ, кейбір ЖОО-ларда спорттық инфрақұрылымның жетіспеушілігі, спорт жабдықтарының тозуы, студенттердің немқұрайлылығы сынды мәселелер кездеседі. Сондай-ақ онлайн оқуға көшу кезінде бұл пәннің тиімділігі де төмендегені байқалды. Мұның барлығы

дене тәрбиесін жетілдірудің жаңа тәсілдерін енгізуді талап етеді. Сондықтан әрбір студент бұл пәнге байыппен қарап, белсенді қатысуы қажет. Ал оқу орындары өз тарапынан инфрақұрылымды жақсартып, заман талабына сай әдістемелер енгізуі тиіс.

Осыған орай ғалымдар да дене шынықтырудың маңыздылығын атап өтеді. Мысалы, Демеуов, Жунисов және Мустафаев (2020): «Дене шынықтыру студенттердің денсаулығын нығайтумен қатар, олардың ерік-жігерін, мінез-құлқын тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады» деп көрсетеді. Ал Белегова (2021) болса, «Жоғары оқу орындарында дене тәрбиесін жетілдіру болашақ мамандардың кәсіби дайындығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастырудың басты факторларының бірі» екенін айтады.

Қаржыландыру туралы мәлімет

Бұл зерттеу қаржыландырусыз жүргізілді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Бегимов Д.О. - тұжырымдама, әдіснама, деректерді талдау; Алимжанов Д.С. – деректерді талдау, қорытынды мен редакциялау.

Деректердің қолжетімділігі

Бұл мақалада қолданылған деректер авторлардың сұрауы бойынша қолжетімді.

Әдебиеттер тізімі/ References

1. Abai. (1993). *Qara sozder* [Words of edification]. Almaty: Zhazushy.
2. Altynsarin, Y. (1988). *Tandamaly pedagogikalyq mura* [Selected pedagogical works]. Almaty: Mektep.
3. Anwar, C., et al. (2023). The capability of vocational education students in industrial practice learning programs. *Journal of Technology and Science Education*, 13(3), 657-672. <https://doi.org/10.3926/jotse.1960>
4. Baitursynuly, A. (1989). *Til tagylymy* [The science of language]. Almaty: Ана тілі.
5. Belegova, A. A. (2021). *Bolashaq dene shynyqtyry mugalimderiniñ reflektivtik mádenietin qalyptastyry* [Formation of reflective culture of future physical education teachers] (PhD dissertation). Abai Kazakh National Pedagogical University. URL: <https://abaiuniversity.edu.kz/docs/doctoranti/begelova/Dissertation.pdf>
6. Brown, D. M., Meca, A., & Osman, A. (2025). Development of the multidimensional inventory of physical activity identity. *Psychology of Sport and Exercise*, 102990. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.psychsport.2025.102990>
7. Dewey, J. (2004). *Democracy and education: An introduction to the philosophy of education*. Mineola, NY: Dover Publications.
8. Dalabayev, T., Skakov, M., Choruh, A., & Nurizanova, M. (2025). The role of physical practical course in improving research skills of future teachers. *Vysshaya shkola Kazahstana*, 49(1). <https://doi.org/10.59787/2413-5488-2025-49-1-37-51>
9. Demeýov, A. Q., Junisov, G. B., & Mustafayev, I. T. (2020). Stýdentterdiñ dene shynyqtyryyn qalyptastyry [Formation of students' physical education]. *Qazaqtaný*, 93. URL: <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2021/12/22/vi-qazaqtan-20201.pdf#page=93>
10. Freire, P. (2005). *Pedagogy of the oppressed* (30th anniversary ed.). New York, NY: Continuum.
11. Gao, X., Wang, X., Chee, C. S., bin Samsudin, S., Hassan, M. Z., Ma, L., ... & Zhang, Y. (2025). Predictive model of the relationship between social support, body image perception, and physical activity among university students. *Humanities and Social Sciences Communications*, 12(1),

1-8. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41599-025-04854-4>

12. Ismailov, D. M. (2022). Methodology of practical lessons in physics to students of technical higher education institutions on the base of scientific and educational methods. *Web of Scientist*. 3(11), 1271-1273. DOI: <https://doi.org/10.17605/OSF.IO/F3A9Q>

13. Kapterev, P. F. (2003). *Didaktika [Didactics]*. Moscow: Akademicheskii proekt.

14. Kerimbayev, N., Abdykarimova, S., & Sharmuhanbet, S. (2015). Methodical Aspects of Informatization of Physical Education at a Higher Education Institution. arXiv preprint arXiv:1504.02837. <https://doi.org/10.48550/arXiv.1504.02837>

15. Krasinskaya, E. S. (2019). The essence and significance of the practice-oriented approach in the implementation of professional training programs in educational organizations of the Ministry of Internal Affairs of Russia. *Police Activity*, 2019(6), 1–7. <https://doi.org/10.7256/2454-0692.2019.6.31463>

16. Meñlibaev, Q. N., & Bekturganova, B. I. (2020). *Qazaqstan Respublikasında jastardyn azamattıq biregeyligin, otansúıgıstigin qalyptastyrdagı joǵary mekteptiń róli* [The role of higher education in shaping the civic identity and patriotism of youth in the Republic of Kazakhstan]. Qaragandy: Bolashaq-Baspa.

17. Odinaboboyev Fazliddin Bahriddin o'g'li. (2025). Individual Practical Forms and Means of Improving Vocational Education Through Developing the Initial Mechanisms of National Craftsmanship in Primary Grade Students. *European International Journal of Multidisciplinary Research and Management Studies*, 5(01), 49–51. <https://doi.org/10.55640/eijmrms-05-01-10>

18. Peromingan, R., Paringit, S., Tan, D. J., Tinaytina, Z., Misil, E., & Tagare, R. J. (2025). Fit to connect: The role of physical activity in enhancing social self-efficacy among students. *Multidisciplinary Reviews*, (Accepted Articles). DOI: <https://10.31893/multirev.2026090>

19. Qyzylov, M. A., & Serimov, E. E. (2012). *Ádisnama (oqytýshynyń sheberligi)* [Methodology (the teacher's mastery)]. Qaragandy.

20. Tey, W. Y., Loo, R. Y., Tsai, M. C., Say, Y. H., Ng, A. K., Tan, S. S., ... & Tan, C. X. (2025). Physical activity, eating behavior, and body image perception among university students. *Discover Social Science and Health*, 5(1), 17. DOI: <https://doi.org/10.1007/s44155-025-00157-w>

21. Tao, X., Wu, X., Fu, J., Xiao, Y., & Zhong, T. (2025). Associations between physical activity and health-related quality of life among university students in Zhuhai, China. *Scientific Reports*, 15(1), 31319. DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-025-15822-y>

22. Wu, K., Sun, X., Zhang, R., Wu, J., & Gan, F. (2024). Construction of evaluation standard system of university practice teaching under the background of big data. *Journal of Computational Methods in Sciences and Engineering*, 24(6), 3646-3659. <https://doi.org/10.1177/14727978241296990>

23. Wang, Ch., & Li, A. (2022). Research on Teaching Mode Reform of Practical Training Courses in Higher Vocational Education. *Curriculum and Teaching Methodology*, 5(3), 126-131. DOI: <https://doi.org/10.23977/curtm.2022.050318>

24. Zaitseva, L., & Misnevs, B. (2019). Competency-based approach teaching software engineering. In *Smart education and e-learning 2019* (pp. 231-241). Singapore: Springer Singapore.

25. Zhou, Q., et al. (2023). Practices of teaching competency development. In *Handbook of teaching competency development in higher education* (pp. 127-154). Singapore: Springer Nature Singapore.